

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі

Баяндама

Тақырыбы: «Көркем әдебиеттің баланың өміріндегі тәрбиелік мәні».
Озық тәжірибиімен бөлісу

Дайындаған:
Ашенова Г.

2023 жыл

«Көркем әдебиеттің баланың өміріндегі тәрбиелік мәні».

Озық тәжірибиемен бөлісу

Кітап ақылына ақыл сұрамайтын ең құнды қазына деген екен түрік жұртының ұлы ақыны Ә.Науаи. Осы сынды кітап туралы ерекше құнды пікірлерді сізде білесіз. Расында, қай ғасырда да кітаптың орны бөлек. Халқымыз әр ғасырда— ақ ел даналары мен заман тұлғаларымен өзінен кейінгі аманатын ұрпақтан — ұрпаққа қалдырылып отырған терең ойларын тәрбиесі мол өнегелі сөздерін кітаптан алған.

Кітаптың рухани қазына аталуы да сондықтан. Білімді жастардың білімі қазыналы кітапта деп айтуға болады. Расында заманның ырғағы кітаптардың орнына алмастырылып жатқанына да қарауға болады. Тамсандырған ақын — жазушылармыздың жазбалары қойындай қара дәптердей қазыналы кітапта тұрғаны естен шығармағанымыз да жөн. Не көп жанымызда — жаулаған интернет, смартфондар көп. Әлемде жаулап жатқан арнайы технологиялар да жетерлік. Солардың ішінде қол жетімді арнайы интернет кітаптары да бар. Былайша онлайн кітапхана деуге болады. Кітапхананың алдын торлап, аяқ басын тоздырып жанталасқан адамдарда аз. Оның барлығы қолға байланған қапшықтай телефондардың арқасында. Санаулы саусақ жастар кітапхана есігінің алдын торлайды. Бұндағы айтарым заманның дамуы көзді ашып — жұмғанша, бірақ адамдарға деген мәселесі мен зияны көп, смартфондарға қарағанда қойынды қазыналы кітапты қолға алып керек жерін түртіп отырғанымыз әдемі емеспе. Француз жазушысы, ақын, драматург Виктор Мари Гюгоның «кітап жансыз, бірақ шынайы дос» деген екен. Жансыз жаны болмағаны мен сегізінші сезімін оята алатын құнды, сиқырлы толы әлем. Адам ойын ашқанымен қоймай денсаулыққа да, миға да беретін пайдасы көп. Ғалымдардың өзі кітаптың адамға деген пайдасын жеті сатымен көрсеткен.

1. Кітап оқу — қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
2. Кітап оқу — жадыны және ойлануды дамытады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
3. Кітап оқу — талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
4. Кітап оқу - көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
5. Кітап оқу — адамдармен дұрыс қарым қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
6. Кітап оқу — сөздік қорды байытады және сауаттылық деңгейін арттырады.

7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жатқан шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Бұның өзіне сүйенбей – ақ кітап оқудың адамзат баласына тигізетін пайдасы орасан зор екенін әрбір адам біледі. «Мен бойымдағы жақсы қасиеттер үшін кітапқа қарыздармын» деген екен атақты жазушы М.Горький. Кітап оқудан қалған ұлт, әсіресе, жас ұрпақ орын толмас ауыр рухани жұтқа ұшырап, азғындыққа құламай қоймайды. Әбіш Кекілбаев атамыз айтқандай «Адамды адам еткен – кітап, ал адамзат еткен - кітапхана» демекші, кітап – адамзат баласың сан ғасырлық ақыл – ойынның, оқу арқылы жетілуінің, кемелденушінің арқасында қол жеткен дамылсыз даму үрдісінің жемісі, өткен тарихы мен өмірлік тағылым – танымының алтын сандығы. Білімді жастардың саналы ұрпақ болуы үшін қазынасы қара күштей сақталған саналы ғасырда өзіне – өзі білім іздеу қажет. Ал ол үшін ең бірінші кітап және сақталынған сары майдай тұрған кітапханаларымыз. Білім жолында адаспайық, басты досты кітап қылып жанымызды жандандырайық!

Біздің кітапхана тек кітап беріп қана қоймай, оқушыларды танымдылыққа, қабілеттілікке жетелейтін, керемет «Буккроссинг», «Алтын сөре» кітап әлемін танытатын орын. Мектеп кітапханашысының жұмысы – күнделікті, ерекше күшті талап етеді. Бірақ ол жанындағыларға сезілмеуі де мүмкін. Сонымен бірге менің айтайын дегенім, мектеп кітапханашысы тек кітапханашы ғана емес ол педагог.

Баланың бойында қандай іске ебі бар, соны тауып беруге әке – шеше міндетті екен. Кітапты оқыған баланың бәрі Президент бола бермес, бірақ жақсы азамат болады деп нық сеніммен айтуға болады. Сондықтан да балалар әдебиетін мемлекеттік деңгейде және қоғам болып жан – жақты қолдау керек. Балаларға арналған қызықты әңгімелер, өлеңдер көп жазылса интернеттегі сапалы контенттің де пайда болатыны белгілі. Бізге ең керегі осы деп ойлаймын. Қазақ балалар әдебиетінің алғашқы XIX ғасырда да Ыбырай Алтынсарин жасады. Ол балаларды өнер - білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын этикалық, эстетикалық тәрбие беретін өлеңдер мен әңгімелер жазды. Сондай – ақ, қазақ фольклорынан балалардың тіліне түсінікті жеңіл шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырды, ана тілінде алғашқы оқулықты бастырып шығарды. Сөйтіп, бала тіліне лайықты, ойына қонымды ойнақы өлеңдері мен қызықты әңгімелері арқылы педагог – жазушы, Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Керемет көркем әдебиеттің бәрі заман талабының, қоғам қажеттілігінен туғаны тарихтан белгілі. Балалар әдебиетін

қолдау – балаларды қорғаудың басты жолы. Сондықтан балалардың ұлттық руханиятымыздың қайнарынан сусындап балаларға арналған жақсы кітаптарды көп оқуына жағдай жасайық, қазақ балалар әдебиетін жан – жақты қолдайық.

Кітап арқылы ұл – қыздарымызды ата – баба дәстүрін жалғастыра алатын, әділ сөзге тоқтай білетін, болашақты болжай алатын қара қылды қақ жарып шығатын шешен, көпшілікті өзіне қарата білетін көсем етіп тәрбиелеуге болады деген үмітіміз бар. «Ынта бар жерде, нәтиже де бар» - деген емеспе дана халқым.

Өткізілген іс- шараның хаттамасы

Өткізілген уақыты: 22.08.2023.

Өткізілген орны: Аудандық 7-ші АІТ мектеп иелену.

Қатысқандар: Аудан кітапхана меңгерушісілері
және Б.Б.І. Утегенова. С.

Іс шара атауы:	«Қорқақ әдебиеттің балалық өміріндегі тәрбиелік мәні.»
Жауаптылар	Аудандық Б.Б.І. әдіскері мектеп кітапханашылары.
Іс- шараның мақсаты:	Оқу тәжірибесімен бөлісу.
Атқарылған іс- шара	Оқумен байланысты слайдтар, буклеттер, кітап көрсетісі.
Шешім:	Кітапханашы мен оқушының байланысы, кітапханаға оқушы- лардың тарту. Ата ана мен оқушының байланысты кітапхана- ға тарту. Әдебиетшілермен көптеп оқу.

Мектеп кітапханашысы: Г. Ашенова

